**Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Француз Республикасына 2000 жылғы 28-29 маусымдағы сапары барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 30 қыркүйек N 1480

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Француз Республикасына 2000 жылғы 28-29 маусымдағы сапары барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды іске асыру және қазақстан-француз ынтымақтастығын одан әрі дамыту мен ұлғайтуды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Француз Республикасына 2000 жылғы 28-29 маусымдағы сапары барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдары, мемлекеттік органдары (келісім бойынша) және өзге де мүдделі ұйымдар (келісім бойынша) Жоспарда көзделген іс-шараларды орындау жөнінде шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Жоспардың орындалу барысы туралы кемінде жарты жылда бір рет Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етіп отырсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2000 жылғы 30 қыркүйектегі
N 1480 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың
Француз Республикасына 2000 жылғы 28-29 маусымдағы сапары
барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды

іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

| N р/б | Іс-шара | Орындалу мерзімі | Орындалуына жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | Баламалы экспорттық труба құбырларын дамыту жөнінде "ТотальФинаЭльф" компаниясымен жұмысты жалғастыру | Тұрақты негізде | Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, Сыртқы істер министрлігі, "Қазтрансойл" МТҰК (келісім бойынша), "Қазақойл" ҰМК (келісім бойынша) |
| 2 | Мұнай инфрақұрылымын салу жөнінде "Буиг Оффшор" компаниясымен жұмысты жалғастыру | Тұрақты негізде | Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, Атырау облысының әкімі, Маңғыстау облысының әкімі, "Қазақойл" ҰМК (келісім бойынша) |
| 3 | Алматы қаласын сумен жабдықтау және су қашыртқы жүйелерін қайта жаңарту мен жаңғырту жобасын және Павлодар қаласындағы "Химпром" АҚ-дағы сынаппен ластанудың ошағын жою және сынапты демеркуризациялау жобасын іске асыру үшін Франция Үкіметінің жеңілдікті займдарын тарту жөніндегі жұмысты жалғастыру | 2000 жылдың бірінші жартыжылдығы | Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Қаржы министрлігі, Экономика министрлігі, Алматы қаласының әкімі |
| 4 | Астана қаласында объектілер салу жөнінде "Буиг" компаниясымен келіссөздер жүргізу | 2000 жылдың екінші жартыжылдығы | Астана қаласының әкімі |
| 5 | Астрахань-Маңғышлақ суағарының құрылысын салу мүмкіндігін | Тұрақты негізде | Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | зерделеуді жалғастыру | | Маңғыстау облысының әкімі, Атырау облысының әкімі, "Қазтрансойл" МТҰК (келісім бойынша) |
| 6 | Қазақстанның энергетикалық жобаларына қатысу жөніндегі "Альстом" компаниясының ұсыныстарын қарау | 2000 жылдың екінші жартыжылдығы | Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, Астана қаласының әкімі, Алматы қаласының әкімі |
| 7 | "Томсон ЦСФ-АэрСИС" компаниясының әуежайлық радиолокаторлар беру жөніндегі жобасын табысты аяқтау үшін түпкілікті шаралар қолдану | 2000 жылдың IV тоқсаны - 2002 жылдың I тоқсаны | Көлік және коммуникациялар министрлігі |
| 8 | Әскери саладағы ынтымақтастық туралы "Томсон-Ракал" компаниясының ұсынысын қарау | 2000 жылдың екінші жартыжылдығы | Қорғаныс министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) |
| 9 | Француз тарапымен мәдениет саласындағы екіжақты шаралар өткізу мүмкіндігін қарау | 2001 жылдың ішінде | Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Сыртқы істер министрлігі |
| 10 | Қазақстан Республикасының Президенті жанынан Қазақстанда француз тілін қолдау және үйрену жөніндегі қор құру мүмкіндігін қарау | 2000 жылдың екінші жартыжылдығы | Білім және ғылым министрлігі, Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президенті.нің Әкімшілігі (келісім бойынша) |
| 11 | Экономикалық ынтымақтастық жөніндегі қазақстан-француз үкіметаралық жұмыс тобының кезекті мәжілісін өткізу | 2000 жылдың IV тоқсаны | Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, Сыртқы істер министрлігі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 12 | Дипломатиялық арналар арқылы Франция сыртқы істер министрі сапарының уақытын пысықтау | 2000 жылдың екінші жартыжылдығы | Сыртқы істер министрлігі |
| 13 | Дипломатиялық арналар арқылы Франция Президенті сапарының уақытын пысықтау | 2000 жылдың екінші жартыжылдығы | Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Протокол қызметі (келісім бойынша) |
| 14 | Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Француз Республикасының Үкіметі арасындағы халықаралық автомобиль қатынасы туралы келісімді қол қоюға әзірлеу жөніндегі жұмысты жалғастыру | 2001 жылдың ішінде | Көлік және коммуникациялар министрлігі, Сыртқы істер министрлігі |
| 15 | Кадрлар даярлау саласында екіжақты ынтымақтастықты жолға қою жөніндегі жұмысты жалғастыру | Тұрақты негізде | Білім және ғылым министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Сыртқы істер министрлігі, Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі |
| 16 | Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Француз Республикасының Үкіметі арасындағы азаматтық және қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек көрсету туралы келісімді қол қоюға әзірлеу жөніндегі жұмысты жалғастыру | 2001 жылдың ішінде | Әділет министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Сыртқы істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша), Бас прокуратура (келісім бойынша) |

Оқығандар:

Багарова Ж.А.
Икебаева А.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК